

**«БЕКІТЕМІН»**

Нұр-Мұбарак Египет ислам  
мәдениеті университетінің  
ректоры, доктор, профессор  
Мухаммад аш-Шаххат  
Алжинди

  
« 14 » 2021 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**САПА САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАССЫЗ ЕТУ  
СТАНДАРТТАРЫ ЕРЕЖЕСІ**  
*ҚП- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.1-2021*

Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 2 беті</b>

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Сапа менеджменті жүйесі бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – СМЖ жетекші маманы PhD доктор Ш.А.Әділбаева;  
– СМЖ маманы С.Б.Кагазбекова.
3. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
4. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 3 беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Қысқартулар мен түсініктемелер
3. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ
4. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӘЗІРЛЕНУ МЕН БЕКІТІЛУ» БОЙЫНША ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ СТАНДАРТТАР
5. «СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТТАР
6. «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, БІЛІКТІЛІКТЕРДІ ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ
7. «ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ» САЛАСЫНДА ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ
8. «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТТАР.
9. «АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ
10. «ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАҢДЫРУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ
11. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГТЕУ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ
12. «САПАНЫ ЦИКЛДІК СЫРТҚЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТТАР

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 4 беті</b>

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Сапаны қамтамасыз етудің ішкі саясаты сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жақсарту мәдениетін дамыту үшін Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (ары қарай – Университет) белгіленген жалпы көзқарастарды, негізгі қағидаттарды және негізгі тетіктерді көрсетеді.
- 1.2 Сапа саясаты стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен бірге қарастырылады: миссия, стратегиялық даму жоспары, академиялық саясат, Университеттің ішкі сапасын қамтамасыз ету стандарттары
- 1.3 Сапа саясаты пен ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізі болып табылады.
- 1.4 Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясатының мақсаттары келесідей:
  - білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жалпы құрылымын анықтайды;
  - білім беру сапасын қамтамасыз етуге және дамуына үлесін қосады;
  - өзара сенімділікті сақтайды және білім алушылардың ұлттық білім беру жүйесінің тысындағы оқу нәтижелері мен ұтқырлығын тануға ықпал етеді;
- 1.5 Нұр – Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, білім беру, білім алу және тәрбие арасындағы байланыстың көрінісі болып табылады;
- 1.6 Сапа саясаты Университеттің барлық құрылымдарының қатысуын қамтитын ішкі сапаны қамтамасыз ету процестері мен стандарттары арқылы жүзеге асырылады.
- 1.7 Сапа Саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары ресми статусқа ие және [http:// nmu.edu.kz](http://nmu.edu.kz) сайтында қол жетімді болып табылады.

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 5 беті</b>

## 2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

- ESG** - жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз етудің еуропалық стандарттары мен нұсқаулығы
- ББ** - білім беру бағдарламасы
- ПОҚ** - профессор-оқытушылар құрамы
- LMS** - Электрондық оқыту платформасы
- ҚБТ** - қашықтықтан білім беру технологиялары
- ECTS** - кредиттерді жинақтау мен аударудың еуропалық жүйесі
- РХЭК** - Республикалық жоғары оқу орындар арасындағы электронды кітапхана
- ЭК** - электронды кітапхана
- ЖК** - жастар комитеті
- МАК** - мемлекеттік аттестациялық комиссия

**2.1. Білім беру сапасы** – Білім беру іс-шаралары мен білім алушының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, кәсіби стандарттарға және негізгі стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесінің жан-жақты сипаттамасы, сондай-ақ жоспарланған мақсаттар мен білім беру бағдарламаларының нәтижелеріне қол жеткізу.

**2.2. Сапамен қамтамасыз ету** – білім беру бағдарламалары мазмұнының, білім беру мүмкіндіктері мен құралдарының белгіленген мақсаттарға және қажетті сапа деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін белгілі бір жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу процесі

**2.3. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі** – бұл білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жақсарту және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту үшін қажетті университеттің ұйымдық құрылымының, ішкі құжаттамасының, көрсеткіштерінің, процестерінің және ресурстарының жиынтығы.

**2.4. Сапа мәдениеті** — бұл Университеттің барлық қызметкерлеріне ортақ сапаның негізгі принциптерін қамтитын ұйымдық тәртіп. Университеттің сапа мәдениеті қамтамасыз етеді:

- Қызметкерлер арасында «білім сапасының» бірыңғай анықтамасын және білім сапасы мәселесіне біртұтас көзқарасты қалыптастыру;
- Әрбір қызметкердің білім сапасы өзі үшін тікелей нені білдіретінін және оның жұмыс орнында жоғары сапаға қалай жетуге болатынын түсінуі;
- Құрылымдық ұйымдардың жоғары сапаға жетудің жолдарын анықтауы және соны түсінуі;

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 6 беті</b>

- Сапаны басқаруға болатынын нақты түсіну және осы процестің механизмдерін анықтау;

2.5. **Стейкхолдер** – Университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы).

**Ішкі стейкхолдерлерге** білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлеріндегі білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер кіреді

**Сыртқы стейкхолдерлерге** түлектер, жұмыс берушілер, уәкілетті органдар мен серіктестер жатады.

### **3. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

3.1. Университет ұсынып отырған білімнің сапасына және оны қамтамасыз етуге жауапты.

3.2. Университет сапамен қамтамасыз етудің келесі негізгі қағидаларын анықтайды:

- Сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін есепке алу, олардың білім сапасын қамтамасыз ету және жақсарту жөніндегі іс-шараларға белсенді қатысуы.

- Білім алушыларға қатысты тең мүмкіндіктер мен әділеттілікті қамтамасыз ету.

- Академиялық адалдық пен еркіндікті сақтау, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне төзбеушілік.

- Процесстерге, сапа мен стандарттарға жауапкершілікті нақты анықтау.

- Тәуекелге негізделген ойлау принциптері мен үдерістік көзқарасты қолдану.

- Мәліметтер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқару шешімдерін қабылдау.

- Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру және сапа мәдениетін дамыту үшін жағдай жасау.

- Сыртқы және ішкі бағалауды қолдану.

- Сапа саясаты мен стандарттарын үнемі қайта қарауды қамтамасыз ету.

- Мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

3.3. Сапаны қамтамасыз ету және жақсарту Университеттегі жүзеге асатын барлық білім беру бағдарламаларына қатысты болады.

3.4. Университет басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 7 беті</b>

үздіксіз жетілдіруде және оның заманауи халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуде көшбасшы рөлін өз мойнына алады.

3.5. Университет басшылығы кафедралар мен бөлімдердің өтінімі бойынша қажетті материалдарды, жабдықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді сатып алуды ұйымдастырады, білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасының инфрақұрылымын жақсартады, ББ қызмет көрсететін оқытушылардың қызметін ынталандыру, оның ішінде олардың біліктілігін арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

3.6 Институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеу, профилактикалық бақылау шеңберінде барлық қызметтің ішкі өзін-өзі бағалауы жүргізіледі.

#### **4. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӘЗІРЛЕНУ МЕН БЕКІТІЛУ» БОЙЫНША ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ СТАНДАРТТАР**

4.1. Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үрдісін айқындайды. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, Дублин дескрипторлары негізінде қалыптастырылған оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді. Білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты айқындалған және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне, жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келеді.

4.2. Университет Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартының талаптары, кәсіби стандарттар, даму бағдарламалары және озық тәжірибе үлгілері негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуде Университет қамтамасыз етеді:

- білім беру бағдарламалары мақсаттарының Университеттің даму стратегиясына сәйкестігі;
- нақты анықталған күтілетін оқытудың нәтижелерінің болуы;
- білім алушылар мен басқа да стейкхолдерлердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы;
- білім беру бағдарламаларына сараптамалардың жүргізілуі және ақпараттық ресурстардың болуы;
- бағдарламаны меңгеру барысында білім алушының үздіксіз кедергісіз алға жылжуы;
- білім алушылардың болжамды жүктемесін анықтау;
- тәжірибе мен тағылымдамадан өту үшін мүмкіндік беру;
- бағдарламаны ресми бекіту процесі.

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 8 беті</b>

4.3. Білім беру бағдарламаларын құрамына оқытушылар, жұмыс берушілердің өкілдері, білім алушылар кіретін академиялық топ әзірлейді.

4.4. Білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контекстінің негізінде әзірленеді және құзыреттілікпен сипатталатын оқыту нәтижесіне қарай бағдарланады.

4.5. Білім беру бағдарламалары модульдік принцип бойынша қалыптасады. Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі бір нәтижесіне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Оқыту нәтижелері жалпы бағдарлама бойынша, әр модуль және жеке пән бойынша тұжырымдалады.

4.6. Білім беру бағдарламасын әзірлеу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модуль мен пәнді оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Модуль мен пәнді оқыту нәтижелерін тұжырымдау кезінде белсенді етістіктер қолданылады.

2) Әзірленген білім беру бағдарламасы сараптамадан өтеді.

3) Әзірлеушілер білім беру бағдарламасын, модульдік оқу жоспарын, оқу жоспарына кіретін барлық модульдердің сипаттамасын айқындап, кафедраға табыстайды. Кафедра оны бекітуге ұсынады.

4.7. Білім беру бағдарламасының әдістемелік мазмұнына элективті пәндер каталогы, пәндер бойынша силлабустар кіреді.

4.8. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары Университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес келеді.

4.9. ББ білім беру бағдарламалары реестріне орналастырылады.

4.10. ББ Университет сайтына орналастырылады.

4.11. Дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік және докторлық диссертациялар Антиплагиат жүйесі арқылы тексеріледі.

4.12. Білім алушылардың жүктемесі кредитпен айқындалады. Оқу пәндері мен кредиттердің саны білім беру бағдарламасы, білім алушының жеке оқу жоспарында көрсетіледі.

4.13. Оқу жоспарына теориялық оқыту, оның ішінде дәрістер, семинарлар/практикалық сабақтар, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысы, кәсіптік практика, қорытынды аттестаттау кіреді. Оқу жоспарының теориялық бөлігі жеке модульдер түрінде ұсынылған, оларды оқу емтихандарымен аяқтайды. Модульге теориялық оқыту, тәжірибе, бітіру жұмысын орындау кіруі мүмкін.

4.14. Академиялық кезең 15 аптаны құрайды.



<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 9 беті</b>

4.15. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең.

4.16. Барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Университет білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін қамтамасыз етеді. Докторантураның білім беру бағдарламалары білім алушылардың шетелдік тағылымдамалардан өтуін көздейді.

4.17. Білім алушылардың практикадан өту кезіндегі жүктемесі кредитпен есептеледі.

4.19. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушының оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушының кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

4.20. Ғылыми-зерттеу магистратурасында магистр дәрежесін алу үшін білім алушы магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті меңгеруі тиіс.

4.21. Бір жылдық оқу мерзімімен бейіндік магистратурада магистр дәрежесін алу үшін білім алушы кемінде 60 кредитті меңгеруі тиіс.

4.22. Бейіндік магистратурада 1,5 жылдық оқу мерзімімен магистр дәрежесін алу үшін білім алушы кемінде 90 кредитті меңгеруі тиіс.

4.23. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша доктор) даярлау бойынша білім беру процесі аяқталуының негізгі өлшемі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

4.24. Университет білім беру траекторияларын қалыптастырудың, білімді бағалаудың, академиялық жетістіктерді есепке алудың және келесі курстарға ауыстырудың нақты белгіленген рәсімдері арқылы бағдарламаны игеру процесінде білім алушының үздіксіз кедергісіз ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

4.25. Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған біліктілік жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне, демек, еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес нақты анықталған:

- біліктілік деңгейі 6-бакалавриат;
- біліктілік деңгейі 7-магистратура;
- біліктілік деңгейі 8-PhD докторантура

## **5. «СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТТАР**

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 10 беті</b>

Университет студенттерге бағытталған оқыту үдерістерін білім беру бағдарламаларына енгізеді: оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне ынтасы мен тартылуын арттыру үшін жағдай жасайды; оқыту нәтижелерін бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

5.1. Университет білім алушылардың дербестігін дамыту үшін жағдай жасайды:

- білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру;

- оқытудың жеке траекториясын қалыптастыру ;

- білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;

- білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін күшейту;

- оқытуда зерттеу тәсілін қолдану;

- оқытушылар тарапынан білім алушыларға оң көзқарас қалыптастыру; студенттік өзін-өзі басқару рөлін күшейту;

- оқуға қолайлы жағдай жасау;

5.2. Университет білім алушының жеке білім беру траекториясын таңдауы үшін жағдай жасайды, оған мыналар кіреді:

- элективті пәндерді, оқытушыларды таңдау мүмкіндігі;

- таңдау пәндеріне электрондық тіркеу;

- Жеке оқу жоспарын қалыптастыру;

- пәндерді қайта немесе қосымша оқу үшін қосымша семестр ұйымдастыру;

- қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқыту мүмкіндігі.

5.3. Білім алушыларды пәндерді оқуға жазу рәсімін оқу процесін кафедралардың, эдвайзерлердің қатысуымен тіркеу кеңсесі ұйымдастырады.

5.4. Оқу пәндеріне тіркеу академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

5.5. Білім беру траекториясын дербес таңдау үшін Университет білім алушыларға барлық қажетті ақпаратты ұсынады: Қазақстан Республикасының тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламалары, элективті пәндер каталогы, білім алушыларды пәндер мен оқытушыларға тіркеу қағидалары.

5.6. Пәндерді тіркеу және білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыру мыналарды қамтиды:

- білім алушыны оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен таныстыру;

- білім алушыны білім беру траекториясымен таныстыру;

- - білім алушыны элективті пәндер тізбесімен және мазмұнымен таныстыру және оларды зерделеу реті;

- таңдалған білім беру траекториясын меңгеру үшін оқу жылында

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 11 беті</b>

белгіленген кредиттер санынан кем емес көлемде пәндерге жазылу;

- оқу пәндеріне тіркеу және қайта тіркеудің белгіленген мерзімдерін сақтау.

5.7. Білім алушы басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде академиялық ұтқырлық шеңберінде жекелеген пәндерді оқи алады.

5.8. Жеке оқу жоспарын 3 дана жасалады, Академиялық мәселелер департаменті директорымен бекітіледі: біреуі кафедрада сақталады және білім алушының оқу бағдарламасын орындауы мен меңгеруіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады, екіншісі аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін тіркеуші кеңсесіне, үшіншісі білім алушының өзіне беріледі;

5.9. Білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен уәждемесін күшейту:

- өзіндік жұмысқа сағат көлемін ұлғайту;

- білімді игерудің белсенді әдістеріне бағдарлану;

-білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы жұмыстар конкурстарына қатысуы үшін жағдай жасау;

- білімді бақылаудың ынталандырушы факторларын пайдалану (жинақтаушы бағалар, рейтинг, тесттер, стандартты емес емтихан рәсімдері);

- оқудағы және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін студенттерді ынталандыру ;

- аудиторияда да, одан тыс жерлерде де орындалатын тапсырмаларды енгізу, оларды үнемі жаңартып отыру;

- мазмұнды жариялау, бағалау критерийлері және студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау кестесі.

5.10. Білім беру бағдарламалары білім алушыларды оқу процесіне белсенді тартуға және оның дербестігі мен білім беру процесінің нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған оқытудың қазіргі заманғы белсенді әдістерін пайдалана отырып іске асырылады. Бұл ретте онлайн және оффлайн режимінде оқытудың проактивті әдістері, фасилитациялау әдістемесі командалардағы креативті жұмыс, кейстерді әзірлеу және талқылау, нетворкинг, ойын педагогикасы, коучинг, менторлық және т. б. маңызды болып табылады. Студент тұлғасын әлеуетті ашу және іске асыру, шығармашылық оқу-тәрбие ортасын құру белсенді позициясына тартуға, болашақ маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға жедел ықпал етуге интерактивті дәріс , пікірталас, дебаттар , зерттеулер, практика, PBL – project based learnin – жобаны басқару, ойын педагогикасы, дизайн-ойлау, шоу, кейс-стади , challenge - өзгерістер бағдарламалары, симуляциялар/тренажердағы жұмыс және т. б. сияқты оқыту әдістері ықпал етеді.

5.11. Оқытушы мен білім алушының өзара сыйластық мәселелері арнамыс кодекстерімен, академиялық адалдық кодексімен және ішкі тәртіп

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 12 беті</b>

ережелерімен анықталған нормалармен реттеледі.

5.12. Эдвайзерлер бірінші курсқа түсу кезінде білім алушыларды Университеттің білім алушыларына арналған анықтамалық - жолсілтегішпен таныстыруды қамтамасыз етеді.

5.13. Білім алушылардың үлгерімін бағалаудың олардың болашақ мансабы үшін маңыздылығын назарға ала отырып, бақылаудың барлық түрлерін бағалау өлшемшарттары мен әдістері оқыту басталғанға дейін пәндердің жұмыс бағдарламаларында (силлабустарында) жарияланады.

5.14. Білім алушылардың білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі қолданылады және ECTS бағасына ауыстыру қолданылады.

5.15. Білімді бағалау белгіленген рәсімдерге сәйкес жүргізіледі және ағымдағы бағалау, ағымдық және аралық бақылауды, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды қамтиды:

5.15.1 Ағымдағы бағалау пәннің силлабусында көрсетілген кестеге сәйкес академиялық кезең ішінде студенттердің оқу жетістіктерін тексеруді қамтиды. Ағымдағы бақылау Оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізіледі. Ағымдағы бақылаудың түпкілікті нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеумен жүргізіледі.

5.15.2 Аралық бақылау теориялық оқытудың 8-ші және 15-ші апталарында бір академиялық кезең ішінде екі рет жүргізіледі. Аралық бақылау нысанын оқытушы белгілейді. Ағымдағы бақылау бағалаудың жиынтығы 50%-дан және әрбір аралық бақылау бағалары бойынша 30% - дан кем жинаған Студент емтихан сессиясына жіберілмейді.

5.15.3 Аралық аттестаттау білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізіледі. Аралық аттестаттауды өткізудің негізгі нысандары: компьютерлік тестілеу, жазбаша емтихан, эссе, бақылау жұмысы, бланктік тестілеу, ауызша емтихан, шығармашылық емтихан, шығармашылық жұмыс, реферат болып табылады. Емтиханда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау 0-ден 100-ге дейінгі балдармен анықталады.

5.15.4 Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында өткізіледі. Сондай-ақ кешенді емтихан түрінде өткізілуі мүмкін. Бұл туралы Академиялық саясаттағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесіне» негізделеді.

5.15.5 Қорытынды аттестаттау ғылыми - педагогикалық және бейіндік

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 13 беті</b>

бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

5.15.6. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

5.15.7. Университет академиялық берешекті, академиялық айырмашылықты жоюға, оқу пәндерін қайта немесе қосымша зерделеуге және қосымша семестр кезеңінде кредиттерді ақылы негізде игеруге мүмкіндік береді. Қосымша семестр жазғы демалыс кезінде өткізіледі.

5.16. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін бағалаудың объективтілігі мынадай тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

- білімді бағалау нәтижелері электрондық жүйеде тіркеледі және білім алушылар үшін бағалау жүргізілетін күні қолжетімді болады;
- оқытушылар мен білім алушылар арасында академиялық үлгерім мәселелері бойынша тұрақты кері байланыс қамтамасыз етіледі;
- білімді бағалаудың барлық түрлері үшін апелляция рәсімі, сондай-ақ дәлелді себептер болған жағдайда аралық бақылаудан өту және емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері қарастырылған;

5.17. Университет эдвайзерлер, шығарушы кафедра, деканат, академиялық мәселелер департаменті директоры, әлеуметтік даму және тәрбие ісі департаменті директоры, ректор деңгейінде білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау ректорға, проректорға тікелей пошта, [http:// nmu.edu.kz](http://nmu.edu.kz) сайтындағы ректормен кері байланыс, ректордың және проректордың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

## **6. «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, БІЛІКТІЛІКТЕРДІ ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ**

Университет білім алушыларды қабылдау және шығару, оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізу, жоғары білім беру біліктіліктерін объективті тану, оқыту кезеңдері мен алдыңғы білім беру рәсімдерін айқындайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады. Университет оқуды аяқтаған білім алушыларды алған біліктілігін растайтын өз үлгісіндегі дипломмен және қосымшамен қамтамасыз етеді.

6.1. Университетке қабылдау Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау критерийлері мен рәсімдері туралы ақпарат Университет сайтында орналастырылған және Академиялық саясатта жазылған.

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 14 беті</b>

6.2. Университетке қабылданған білім алушыларды академиялық кезеңнің басында ректормен, деканмен, кафедра меңгерушісімен және эдвайзерлермен міндетті кездесулер шеңберінде білім беру бағдарламасымен, оқыту шарттарымен және академиялық мансаптың қазіргі мүмкіндіктерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

6.3. Білім алушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпаратты жинау және мониторингілеу ішкі нормативтік құжаттармен реттелген және мыналарды қамтиды:

- ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинау және мониторингілеу;
- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингілеу;
- жұмысқа орналастыру нәтижелерін және түлектердің мансаптық өсуі туралы ақпаратты жинау және мониторингілеу;
- студенттер оқыту сапасына қанағаттануын мониторингілеу.

6.4. Білім алушылардың корпоративтік мәдениетті қолдауы белгіленген ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық адалдық кодексімен және студенттің ар-намыс кодексінің ережелерімен қамтамасыз етіледі.

6.5. Бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, жоғары білім беру біліктіліктерін, оқу кезеңдері мен алдыңғы білім беруді объективті тануға кепілдік беру үшін Университет тану туралы Лиссабон Конвенциясының іс-қимылдарының сәйкестігін қамтамасыз етеді;

6.6 Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алынған біліктіліктерді тану оқу кредиттерінің трансфертін толтырудың бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәреже беріледі және қосымшасы бар мемлекеттік үлгідегі диплом (транскрипт), сондай-ақ дипломға еуропалық қосымша (Diploma Supplement) беріледі. Құжаттарға қол жеткізілген оқыту нәтижелері туралы ақпарат, алынған білімнің мәнмәтіні, мазмұны, мәртебесі, оның аяқталғаны туралы куәлік кіреді.

6.8 Қабылдаудың, бағалаудың, танудың және шығарудың барлық рәсімдері өзекті жағдайда сақталады және білім алушылар үшін қолжетімді болады.

## **7. «ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ» САЛАСЫНДА ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ**

Оқытушы сапалы білім беруді қамтамасыз етудегі және білім алушылардың білім, білік, дағды және құзыреттерді игерудегі негізгі тұлға болып табылады. Университет меритократия қағидатына сәйкес барлық

<b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>УЕ- Нұр-Мұбарак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>ЕИМУ -001-07-2021</b>
<b>Сапа саясаты және ішкі саны қамтамасыз ету стандарттары ережесі</b>		<b>26 беттің 15 беті</b>

қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, олардың кәсіби өсуі мен дамуының ашық рәсімдерін айқындайды, жариялайды және қолданады.

7.1. Университет өз қызметкерлерінің сапасы және олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алады. Университеттің ПОҚ мен қызметкерлері сапаны басқару бойынша қызметке барынша тартылған, олар барлық алқалық органдарға қатысады.

7.2. ПОҚ мен қызметкерлерді дамыту мақсатында Университет персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық басқарудың тәсілдерін, әдістері мен құралдарын біріктіретін және персоналды басқару саласындағы қоғамның құндылықтарының бірыңғай тәсілі мен жүйесін қалыптастыратын кадр саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Оқытушылардың әлеуетін дамыту бойынша Университеттің қызметі студентке бағдарланған оқытуға көшуге сәйкес оның рөлін өзгертуге бағытталған.

7.3. Университет кадр саясатының мынадай негізгі қағидаттарын айқындайды:

- кешенділік-персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- жүйелілік-саясаттың барлық құраушы элементтерін өзара байланыста қарастыру;
